


# Жобалар сәтті аяқталуда



Ж.ӘБДІКӘРІМ

Болат Нұржанов атындағы МАЭС-1 станциясы – жалпы қуаты 4000 МВт жылу электр қуатын өндіре алатын 8 энергоблоктан тұратын электр станциясы. Өнім көлемі жағынан алсақ, 2009 жылы сағатына 10,3 кВт электр қуатын өндірген станция 2014 жылы көрсеткішті 14,1 кВт-қа жеткізген. Ал станция босатын өнім 2009 жылы 2,88 теңгені құраса, бүгінгі күні екі есе өсіп, 5,45 теңге (2015 ж.) болды.

Экономикалық дағдарыс бүйірден қысқан биылғы жыл елімізде электр қуатын тұтынушылардың азаюымен ерекшеленгенімен, станцияда бірқатар

жалпыстанциялық жабдықтар күрделі жөндеуден өтті. №7 энергоблокта тұзсыздандырылған су бағы, уатқыш-фрезерлік машиналар, вагонқотарғыштар ауыстырылды.

Станция жұмысының алға басуына мемлекеттің инвестициялық саясаты да септігін тигізуде. Осының арқасында

**Өткен аптада «Болат Нұржанов атындағы МАЭС-1 станциясы» ЖШС-інде баспасөз туры өтіп, станцияның бас директоры Рысқан Свамбаев, бас инженердің орынбасарлары Юрий Герульский және Қараменде Омарбеков журналистерді станцияның тыныс-тіршілігімен таныстырды.**

**Станцияның бас директоры  
Рысқан Свамбаев**

жыл-  
д а р ы  
205 милли-  
ард, 2015 жы-  
лы 48,5 миллиард  
теңгені құрады. 2016  
дейінгі кезеңді қамтитын

жаңа жұмыс орны құрылды. Атап өтерлігі, МАЭС-1 - химиялық жолмен су тазарту жүйесін қалпына келтіру жобасын тұңғыш іске асырған станциялардың бірі. 3,3 миллиард теңге бағытталған бұл жоба аясында станция жаңа мембраналық технологияға



**Юрий Герульский сұхбат беруде**

жоба сәтті тәмамдалды. Мәселен, №3, №5 энергоблоктарды күрделі жөндеу, №7 энергоблоқты ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталды. Сонымен қатар,

жаңғырту, қалпына келтіру, тозған активтерді ауыстыру жұмыстары іске асты. Станциядағы негізгі капиталға бағытталған инвестициялар 2009-2014

жаңғырту мен жобалық қуаттылықты қалпына келтіру бағдарламасының жалпы құны 280 миллиардтан астам теңгені құрайды.

Бүгінгі таңда станцияда №1 энергоблоқты қалпына келтіру жұмыстары жүріп жатыр. Жоспарлы шығындар сомасы – 81,3 млрд. теңге. Станцияның басқа да энергоблоктары секілді аталған энергоблок жаңа үлгідегі күлтұтқыштығы 99,6 пайыз деңгейіндегі тиімділігі жоғары тазартқыш электр сүзгілермен жабдықталатын болады.

2014 жылдың 28 желтоқсанында 500 МВт қуатқа ие №2 энергоблок іске қосылып, станция 3500 МВт қуаттылыққа қол жеткізген еді. №2 энергоблоқты жаңғырту бағдарламасы қазандық және турбина жабдықтарын қалпына келтіру, электр жабдықтарын орнату және автоматты бақылау құрылғыларын орнату, «Альстом Пауэр Ставан» фирмасында жасалған электр сүзгісін қосу жұмыстарын қамтыды. Бұл бағытқа 61,5 миллиард теңге қаржы бөлініп, жаңғырту жұмыстары кезінде 500 уақытша жұмыс орны құрылды. Ал энергоблок іске қосылғаннан бастап 25

көшті. Бұрынғы, яғни, суды ионды-алмасу шайырымен әзірлеу әдісі 1979 жылдың қараша айынан бері қолданылып келген болатын. Оның шығыны көп әрі қоршаған орта үшін аса зиянды химиялық реагенттерді қажет етіп келді. Ал жаңа жобаның артықшылығы: тұзсыздандырылған суды химиялық жолмен даярлау жұмысында шығындарды азайтуға қол жеткізілді әрі су сапасы жақсара түсті.

Соңғы жылдары станцияда қоршаған ортаны ластауға тосқауыл қоюға бағытталған ауқымды шаралар, яғни, күлтұтқыш электр сүзгілерін орнату іске асырылғаны белгілі. Атап айтқанда, 2010 жылдың желтоқсан айында №5 энергоблокқа тазартқыш сүзгі орнатылды. 2011 жылы - №6 энергоблокта, 2012 жылы №4 және №8 энергоблоктарда да сүзгілер қолданыла бастады. Ал 2013 жылы №3 және №7 энергоблоктарда электр сүзгілері іске қосылды.

**Суреттерді түсірген В.Фадеев**